

Сыр бойы

№168 (21044) 6 қараша, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

САПАР

ШВЕЙЦАРИЯ: ІСКЕР ТОПТАРМЕН КЕЛЕЛІ КЕҢЕС



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Қызылорда облысы делегациясының Швейцария Конфедерациясына жұмыс сапарының негізгі мақсаты – өңірдің экономикалық және инвестициялық әлеуетін таныстыру, сондай-ақ халықаралық ұйымдар, шетелдік компаниялармен әріптестік байланыстарды нығайту.

Сонымен сапардың алғашқы күнінде бірқатар маңызды кездесулер өтті. Атап айтқанда, облыс әкімі швейцариялық Harvest Group компаниясының басшысы Алмаз Альсеновпен кездесіп, өңірде заманауи агроиндустриялық кластер құру жобасын жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Бұл – Мемлекет басшысының 30 қазандағы Қызылорда облысына жұмыс сапары кезінде швейцариялық Harvest Agro компаниясы ұсынған бастаманың жалғасы. Ал 31 қазанда Астана қаласында өткен Kazakhstan Global In-

vestment Round (KGIR-2025) форумында ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қызылорда облысы әкімдігі және Harvest Agro компаниясы арасында үшжақты Негіздемелік келісімге қол қойылған еді.

Аталған жоба аясында 20 мың гектар жерге техникалық қарасора, жүгері және соя дақылдарын өсіру және қайта өңдеу жоспарланған. Инвестиция көлемі 51 млрд теңге, жоба жүзеге асқанда 150-ден астам жаңа жұмыс орны ашылмақ.

2-бет



Бағытымыз – батыс беткей. Мінгеніміз – жапондық көлік. Дұрысы, таң ата Сырдағы шеткі ауданға шыққанбыз. Облыс орталығынан 480 шақырымда жатқан Аралға баруымыздың мәні бар. Сапар мақсаты – ел ішіндегі «Жұмысшы мамандықтар жылындағы» жаңалыққа қанығу. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған атаулы жылдың осындағы игілігін көзбен көрмекпіз. Алдымызда тізбектеле сырғыған үлкен жол көліктері болмаса, онша-мұнша көп кедергі жоқ. Дегенмен екі жолақты жолдың өз қиындығы бар. Басып озу қауіптірек. Әрі тісқаққан, көңігі жүргізуші болмаса, қарсы беттен ызығған үлкенді-кішілі автомашинаның қарасы мол. Шынымен Қызылорда мен Арал бағыты («Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автобаны) кеңісе, көп тіршілік мұнан да жанданар еді. Төрт жолақты жолға айналса, көлік тізбегі болмайтыны рас.

ЕҢБЕКТІ ДӘРІПТЕУ ЕЛДІКТІ НЫҒАЙТАДЫ

ЗАМАНҒА ИКЕМДЕЛГЕН

«Болашақта бұл жол да талапқа сай келер» деген оймен Аралға да табан тіредік. Сағатқа шұқшисақ, 4 сағаттан әрі уақытты барар жолға арнаппыз.

Жеті орындықты жапондық көлік еңтіге тоқтаған. Алғашқы көргеніміз – екі қабатты ғимарат. Мұнысы білім мекемесі екенін ауласына қарап аңғардық. Әрі дәл маңдайындағы «Арал индустриалды-техникалық колледжі» деген жазуы біздің тұспалымызды одан әрі нығайтады.

– Ғасырға екі жылы кем колледж бұл. 1927 жылы негізі қаланған оқу орны, – деді өзін Рахым Айназаров деп таныстырған басшы. – Сол жылы балық аулау артелі болып құрылып, аралдықтардан балықшы бригадирлерін, ау құралдарын тоқитын мамандар дайындай бастайды. 10 жылдан соң «Юнга» мектебі болып қайта құрылып, теңізде балық аулауға арналған кіші қайықтарға матрос, мотористерді оқытады.

Бүгінде колледж құрылыс, автокөліктерді жөндеу, механикалық қызмет, токарь, слесарь, дәнекерлеу ісі, тігін, балық шаруашылығы және ақпараттық бағдарламалар мен есептеу техникалары мамандықтарын қамтып отыр.

Колледж директорының сөзінше, оқу орны әр жылдары сұранысқа сәйкес, түрлі мамандыққа тұрғындарды дайындаған. Теңіз тасып тұрған шақта қайық радиостерін, балыққа қажет бөшке жасау мамандарын оқытыпты. Бертін келе ағаш, темір ұсталары да осында білім алыпты.

– 60-жылдардан кейін оқу орны №68

калалық кәсіптік-техникалық училищесі болып өзгерген. Сол уақытта балық өсіруші, өңдеуші, кеме жүргізуші, механик, электромонтажшыларды даярлайды. Бұған қоса, токарь, тігінші, слесарь-жөндеуші, құрылысшы мамандықтарын әзірлеген. Кейін теңіз бізден алыстады. Бұрынғы мамандықтарды оқыту тоқтады. Атауы да көп өзгерді. Заман талабына сай білім саласындағы онтайландыру кезінде мұнда токарь, құрылысшы, газбен дәнекерлеуші, слесарь-жөндеуші, электрғазбен пісіруші, теңіз өнімдері мен балықтарды өңдеуші мамандықтарына үйретті. Бүгінде Арал индустриалды-техникалық колледжі деп аталатын оқу орны 8 мамандық, 11 біліктілік бойынша аралдық жастарды оқытып келеді, – дейді Р.Айназаров.

ЖАСТАР ӨЗ КӘСІБІН АШУҒА ЫНТАЛЫ

Қазір колледж басшылығы Арал ауданындағы 23 түрлі мекемемен арнайы келісімшартқа отырған. Онда бекітілгендей, студенттер өз мамандығымен тәжірибеден өтіп, қабілетін шынайды. Тіпті мұндағы түлектердің біразы «Аралтұз» кәсіпорны, «Арал құрылысы» ЖШС, «Agrofish 2020» балық өңдеу зауыты, «Қарашалаң балық» ЖШС, «Келжанова А», «Ай ару» тігін цехтарында және тағы басқа өндіріс орындарында тұрақты жұмыс істеп жүр. Жалпы былтыр бітірушілердің 78 пайызы өз мамандығымен нәпақа табуда.

2-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

СПОРТ – СЕРГЕК ҚОҒАМНЫҢ КЕЛБЕТІ

Сейсенбіде Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде егін жинау науқанының қорытындысы, спорт инфрақұрылымын дамыту және бұқаралық спортты қолдау мәселелері талқыланды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысып, баяндама жасады деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Үкімет отырысынан кейін өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелерге орай бағыт-бағдар белгіленіп, жауапты сала басшыларына тапсырма жүктелді.

– Қазіргі таңда егін жинау жұмыстары толығымен аяқталды. Ендігі кезекте сүлгіер айлау және күздік бидай егуді мерзімінде бітіру қажет. Келесі маңызды мәселенің бірі – жер үлескерлерінің мәселесі. Егін жиналған соң жыл сайын ірі шаруашылықтар мен жер үлескерлері арасында наразылық орын алады. Мәселенің маңызын ескеріп, шаруашылық басшыларымен, жергілікті тұрғындармен кездесіп, жан-жақты талқылап, заңнамаға сәйкес шешілуін қамтамасыз ету қажет. Қала, аудан әкімдері, шаруашылық басшыларының халық алдында есеп беруін қатаң қадағалаңыздар!

2-бет

БРИФИНГ

МЕДИЦИНА: ЖАҢАРҒАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – САЛАНЫҢ СЕРПІНІ

Кейінгі 10 жылда аймағымызда 114,3 млрд теңге есебінен 116 нысан бой көтерді. Оның ішінде 4 аудандық аурухана, 6 аудандық емхана салынды. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жаңыл Әубәкірова осылайша медициналық инфрақұрылым едәуір жаңарып қалғанын жеткізді.

Бұл бағыттағы жұмыстар 2024-2033 жылдарға арналған өңірлік перспективалық жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмек деңгейін арттыру мақсатында 2023-2024 жылдары 10,3 млрд теңгеге 27 медициналық-санитарлық алғашқы көмек нысаны, оның ішінде 24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет және 1 медициналық бекет салу жоспарланған.

2-бет



ЗАМАНАУИ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Кеше Астанадағы «Қазмедиа» орталығында Astana Media Week 2025 форумы өз жұмысын бастады. Бұл туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Фото: ашық дереккөзден

Тоғыз жыл ішінде форум Қазақстандағы медиа саласын дамытуға арналған басты алаңға айналып, халықаралық және отандық медиа кәсіби мамандарын, медиабизнес өкілдері мен мемлекеттік органдарды біріктіретін маңызды платформа болып қалыптасты.

Медиаапптаның алғашқы күні «Жасанды интеллект пен цифрландыру кезеңіндегі журналистиканың жаңа бағыттары: қоғам сенімі және өркендеу» атты пленарлық сессиямен ашылды. Форум қатысушыларына Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты оқылды.

«Ақпарат басты ресурсқа айналған заманда біздің осындай басқосуларымыздың маңызы ерекше. Себебі дәл осындай алаңда ғана біз өзекті мәселелерді ашық талқылап, қорытынды жасап, соның негізінде бизнес пен мемлекеттік

басқару жүйесіне қатысты маңызды шешімдер қабылдай аламыз. Бүгінде Қазақстан кеңістік пен уақыт тоғысындағы ерекше кезеңді бастан өткеруде. Мемлекет, қоғам және медиа азаматтардың сұранысына сай, елдің алдағы дамуының заманауи бағыт-бағдарын айқындап келеді. Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанды» құру ісінде осындай өзара бекем байланыс берік іргетасқа айналуға тиіс дегені де бекер емес» деп атап өтілген құттықтау хатта.

Сондай-ақ Digital News Report зерттеуіне сәйкес, Қазақстан азаматтарының бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенім деңгейі Орталық Азиядағы басқа елдермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары екені, бұл – медиасаланы реформалау бойынша мемлекет жүргізіп келе жатқан жүйелі саясаттың нәтижесі екені айтылған.

2-бет

БАСПАСӨЗ – 2026

Құрметті оқырман!

2026 ЖЫЛДЫҢ
БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы
жекелер үшін:
6 айға – 5000 теңге



Валюта бағамы: \$ 522,49 kzt

€ 601,07 kzt

₸ 6,47 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +6°

☾ -6°

Жұма ☀️ +9°

☾ -6°

СПОРТ – СЕРГЕК ҚОҒАМНЫҢ КЕЛБЕТІ

Халықтың спортпен шұғылдануы үшін барлық жағдай жасалуы тиіс. Заманауи үлгідегі спорт инфрақұрылымын дамыту, санын арттыру, халыққа қолжетімді болуы үшін ауқымды жұмыс жүргізілуде. Бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасуы қажет.

Саладағы тағы бір өзекті мәселе – спорт нұсқаушыларының жетіспеушілігі. Бұл өте маңызды, сондықтан жұмысты жүйелі ұйымдастыру қажет. Дені сау, белсенді әрі табысты қоғам қалыптастыру үшін балалардың, жастардың спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануын басты

1-бет

«СБ» ақпарат

ШВЕЙЦАРИЯ: ІСКЕР ТОПТАРМЕН КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

Сонымен қатар, аймақ басшысы БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің бас директоры Татьяна Валовая ханымымен кездесті.

Кездесуде Арал өңіріндегі экологиялық ахуал, «Геопарк Арал» жобасы, жасыл энергетика және тұрақты даму бағытындағы бастамалар жан-жақты талқыланды. БҰҰ өкілі Қызылорда облысының экологиялық және экономикалық даму бағытындағы бастамаларын жоғары бағалап, ынтымақтастық орнатуға мүдделілік танытты.

Сондай-ақ делегация мүшелері «GGIG» Женева Сауда және өнеркәсіп палатасының төрағасы Винсент Субилия мырзамен кездесіп, Қызылорда облысының экономикалық даму бағыттары мен инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды. Швейцариялық тарап аймақ жобаларына жоғары қызығушылық білдіріп, іскерлік байланыстарды дамытуға дайын екенін жеткізді.

Сапардың алғашқы күні мазмұнды әрі нәтижелі өтті.

Сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация жұмыс сапары аясында бірқатар маңызды кездесулер өткізді.

Аймақ басшысы БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – БҰҰ Еуропа бойынша экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысы Татьяна Молчанмен кездесіп, оңираралық ынтымақтастық пен тұрақты даму бағыттарын талқылады.

– Қызылорда облысының делегациясын жылы қабылдағандарыңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапарымыз экономикалық сипатқа

1-бет

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ЗАМАНАУИ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Министр құттықтауында айтылғандай, Қазақстан өңірде алғашқылардың бірі болып халықаралық стандарттарға, соның ішінде Digital Services Act қағидаттарына негізделген «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң қабылданды. Сонымен қатар жаңа «Масс-медиа туралы» заң редакциялардың құқықтық мәртебесін күшейтіп, журналистерді қорғау тетіктерін кеңейтті және ақпаратқа қол жеткізу тәртібін айқындады. Осы бағыттағы жұмыс жалғасын тауып, министрлік бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер енгізуді көздейтін түзетулер әзірлеп жатқаны атап өтілді. Бұл түзетулер ақпараттық кеңістіктегі жылдам өзгерістерге лайықты жауап болмақ.

Алдағы екі күн ішінде медиаорталық холлында Astana Media Week 2025 контент-маркеті өтеді. Бұл – жаңа форматтар, копродукциялар және халықаралық кооперациялар таныстырылатын алаң. Контент-маркет продакшн-компаниялар, дистрибьюторлар және плат-

1-бет

«СБ» ақпарат

МЕДИЦИНА: ЖАҢАРҒАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – САЛАНЫҢ СЕРПІНІ

– Бүгінгі күні жоспарланған барлық нысан пайдалануға берілді. Бұл 46 мыңнан астам ауыл тұрғынының уақытылы медициналық көмек алуына, 190 төсек-орынға лайықталған күндізгі стационарларда ем қабылдауына мүмкіндік береді. Арал, Қазалы, Шиелі, Жанакорған көпбейінді аудандық орталық ауруханаларына қосымша жаңа ғимарат салу арқылы қосымша бейінді бөлімшелер ашу, қымбат бағалы МРТ, КТ, ангиографиялық аппаратуралар орнату жоспарланып отыр. Қазіргі кезде 4 жоба бойынша қосымша ғимарат құрылысының жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алынды. Жобалардың жалпы құны – 9,9 млрд теңге, – дейді Ж. Әбубәкірова.

Резервтен 1,7 млрд теңге, арнайы мемлекеттік қордан және жергілікті бюджеттен 1,2 миллиард теңге бөлініп, Шиелі көпбейінді аудандық орталық ауруханасының қосымша құрылысы пайдалануға берілді. Биыл сондай-ақ Арал, Қазалы және Жанакорған аудандарында да осындай жұмыс атқарылды. Құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Қабылдау актісі дайындалып жатыр. Арал

1-бет

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



– Президент жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылында» біздің бітірушілердің жұмыспен қамту жағына басымдық берілуде. Мысалы, былтыр бітіргендердің көпшілігі аудандық мекемелердің сұранысымен жұмысқа тұрды. Ең жақсы жері – колледжде білім алған оқушыларымыз өз бизнесін ашуға қызығып келеді. Бизнес жобасын қорғап, қайтарымсыз грант ұтқандар да бар. Айталық, «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандығын бітірген Айбек Оңғаров, «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығымен Альбина Асанова, Аймамал Пәрімбетова сияқты түлектер жеке кәсібін дамытуда, – дейді директорың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Ербол Ахметов.

АТАКӘСІП ҰМЫТЫЛМАУЫ ТИІС

Колледж қабырғасында «Балық өндірісі» мамандығы оқытылатынын айттық. Теңіз бұрынғыдай шалқымаса да, қазір ауданда атакәсіптен ажырамағандар көп. Демек, бұл мамандыққа сұраныс жетерлік. Аудандағы 10-ға жуық балық зауыты мен шағын өндірісті есепке алсақ, мұндай кәсіп иелері қолдан-қолға тимес.

Біз колледжден соң «Қарашалаң балық» серіктестігінің зауытында болғанбыз. Осында жұмысшылармен бірге «Балық өндірісі» мамандығын биыл тәмамдайтындар да тәжірибеде жүр.

– Өз мамандығым қатты ұнайды. Мен колледжде оқуға келмес бұрын, Арал теңізі мен балықшылық кәсібі туралы көп оқыдым. Бұрынғы зауыттарда істеген ата-әжелердің еңбегі, атакәсіпті дамытқан сала ардагерлері жайында мағлұмат алдым. Біздің Арал десе, алдымен балық шаруашылығы еске түседі. Менің ойымша, бұрынғыдан келе жатқан кәсібіміз тоқтамауы керек. Ал осында келгелі теориялық оқу кезінде алған дәрістерді пысықтап жатырмыз. Тісті балығын бұзу, мұздату, балықтың жон етінен филе дайындау, қаптамаға орау, сорттау және таңбалау сияқты жұмыстарды үйрендік, – дейді 3-курс студенті Ақмаржан Серікқызы.



КӨПСАЛАПЫ КОЛЛЕДЖДІ КӨРГЕНДЕ...

Бұл – Арал қаласындағы екінші арнаулы оқу орны. Бұған да аялдалық. Жұмысшы мамандық өкілдерін көптен дайындайтынын бұрын сырттай білсек те, әрі қарай ойымызды тарата алмас едік. Мұны да бара көрдік.

Арал көпсалалы колледжі. 10 жылдан астам уақыттан бері осылай аталады. 11 мамандықпен аралдық ұл-қызды дайындайтын оқу орнының тарихы тың игеру жылдарымен тікелей байланысты. Әу баста ауыл шаруашылығына ден қойған білім орны 1959 жылы училище болып құрылған. Сол уақытта Арал жеріндегі Сульфат поселкесінде алғашқы шәкірттерін қабылдапты. Арал мен оның айналасы ғана емес, Ресейдің Чуваш, Башқұрт автономиялы республикаларынан жастар оқуға түскен көрінеді.

Қазір ол елді мекеннің ізі де жоқ. Бірақ алғашқы жылдары Аралдың мал шаруашылығына қажет тракторшы, кіші мал дәрігері, шопан-механизатор кадрларын дайындаған. Тіпті училищенің қазіргі Сексеуіл кенті, Абай, Тоқабай, Шияжаға ауылдарында филиалы жұмыс істегенге ұқсайды.

1-бет

Сондай-ақ студенттер өз мамандығына орай байқауларға қатысып, топ жарып жүр. Мысалы, оқу орнының студенттері Дарханбек Жұманов пен Нұрәулет Нұрбек әр жылдары өткен Worldskills Kazakhstan кәсіби чемпионатында жүлдемен оралыпты. Сондай-ақ оқу орнында төрт спорттық секция жүргізілсе, аудан көлемінде жүлде алып жүргендері де баршылық.

Мұндағы қызық мамандықтың бірі – «Жеміс-көкөніс шаруашылығы». Бұл кәсіпке кейінгі уақытта қызығушы көп көрінеді.

– Мұндай мамандықта оқытатын оқу орны облыс көлемінде көп емес. Ал топтағы білім алушы студенттер топырақты дайындау, өсімдікті өсіру жолдарын, егу, жемістерді сұрыптау көшетті дұрыс отырғызу сияқты жұмыстарды үйренеді. Белме гүлдерін егуден бөлек, көкөністерді қалай күтіп-баптауды игеруде. Бұған қоса, шұбалшаң құртпен өсіріп, топырақ құнарын арттыру жағын да меңгереді. Колледж маңында шағын жылыжай бар. Қазір онда кияр мен қызанақ, баклажан мен бұрыш өсіп жатыр. Тіпті осы жылы піскен өнімді студенттер қыстық салат ретінде шыны ыдыстарға басып үлгерді. Болашақта біздің бітіруші түлектер көбіне жылыжай шаруашылығында, тұқымбақтарды, өсімдік зертханаларында жұмыс істейді, – дейді өндірістік оқыту шебері Дәмектен Мәмбетова.

Мүғалім сөз арасында Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жұмысшы мамандықтар жылы» жариялағанына қуанғанын жасырмады.

– Рәсіммен, елдің бәрі құрылыс не басқа де техникалық мамандықтан сырттап кетті емес пе? Мемлекет басшысының бұл идеясы – көптеген елеусіз мамандық иелеріне үлкен демеу болғандай. Қазір газет-журнал, теледидардан бөлек, әлеуметтік желіде де осы жылдың насихаты өзімізге ұнап-ақ тұр. Бұрын еш жерде көрінбеген түрлі мамандық иелерін құрмет төріне шығару, олардың еңбегін дәріштеу дұрыс жолға қойылғандай. Енді бұл тоқтап қалмаса екен, – дейді ол.

Ал колледжі алдағы жылы бітіретін Көбейсін Сейітовтің мамандығы – электр жабдықтаушы. Көпшілік тілінде айтсақ, «монтер». Қазір Арал қаласындағы электр тартату торабында өндірістік тәжірибеден өтіп жүр.

– Мен үшін тәжірибеден өту өте маңызды. Іс жүзінде көп нәрсені үйренеміз. Қауіпті мамандық болған соң жетекшілеріміз бізді қатан қадағалайды. Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, электр жабдықтауымен жұмыс істеу оңай емес. Мамандығым ұнайтын болғандықтан әрі қоғамға өте қажет екендігін түсінгендіктен барлығын меңгеруге тырысып келемін. Кәсіпорында білікті маман өте көп. Олар біздей жас буынға үйретуден жалыққан емес, – деп ағынан жарылды ол.

Облыстық білім басқармасы ұйымдастырған баспасөз турынан ұққанымыз

сұраныс көп. Айталық өткен жылы мұнда 135 түлек диплом алса, оның 73 пайызы жұмысқа орналасқан. Екіншіден, барлық студенттің теориялық білімнен бөлек, өндірістік тәжірибеден өту үшін екіжақты келісімшартпен негізгі әлеуметтік әріптестері жоқ емес. Олардың қатарында «Аралтұз» АҚ, «Арал құрылысы» серіктестігі, электр энергиясын тарату торабы, аудандық жұмыспен қамту және халыққа қызмет көрсету орталықтары бар.

ШЫНДАЛҒАН ШӘКІРТ – СҰРАНЫСТАҒЫ МАМАН

65 жыл тарихы бар колледжден көргеніміздей, мұндағы әр мамандыққа қатысты өз шеберханасы мен түрлі цехтары бар. Барлығы жұмыс істеп тұр. Студенттер жүргізіп үйренетін трактор мен ауыл шаруашылығы машиналарын да көзіміз шалып қалды. Ең жақсысы, техника саласындағы студенттер көлік жөндеп те, жүргізіп те үйреніп, артынша жүргізуші куәлігін алуға қажет сертификатқа да қол жеткізеді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Қызылорда-Арал-Қызылорда

/// ТЕАТР-70

«Король Лир» спектаклінің премьерасын Сақтаған ағамыз көрген жоқ. Бәрін дайындап беріп, премьераның қарсаңында ол кісі Алматының М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының атқарушы директоры болып ауысып кетті. Орнына бұрынғы артисіміз, Н.Гоголь атындағы Педагогика институтының ұстазы Шайтұрсын Әбдібаев келіп орналасты. Тез тіл табысып, іске кірісіп кеттік.



Менің театрымы

1980 жылы театрымыз 25-ке келеді екен, соған дайындалып, Алматыға есепті гастрольге баруды ұйғарып, репертуарды дайындай басталдық. Қазір қоржынымызда бір-ақ спектакль бар. Ол – «Король Лир». Қойылымды жиі қайталап шыңдай түстік.

Көркемдік кенеспен ақылдаса отырып, репертуарға Ш.Құсайыновтың «Біздің Гани», Ө.Тәжібаевтің «Майра», М.Әуезовтің «Түнгі сарын», Д.Исабековтің «Өпке», венгр драматургі Иштван Эркенінің «Сау басыма сакина», Қарақалпақ жазушысы Қ.Рахмановтың «Келін» атты пьесаларын енгізіп, бірінен соң бірін сахналап жаттық. Дайын болдық-ау деп шешкенде Мәдениет министрлігіне хабарласып сарапшыларды жіберуін сұрап едік, репертуарлық-редакциялық коллегия бастығы, жазушы Ө.Қанахинді, театр сыншысы, өнертану ғылымның докторы, профессор Б.Құндақбаевты, театр сыншысы, театр бөлімінің меңгерушісі Қ.Каримовті біздің спектакльдерді көріп, сыни пікірлер айтуға аттандырған екен. Біз соларға жеті күн бойы жеті спектакль көрсеттік. Қызу талқылаудан кейін екі спектаклімізді қысқартты. «Өпке» және «Келінді».

Сонымен жеті спектакльдің бесуейі ғана қалды. Театрлар есепті гастрольге жай бармайды, гастроль қорытындысымен біршама артистерге атақ алып беру үшін де барады. Және репертуарда ол артистер жақсы-жақсы ролдер ойнап, сәтті туындыларда табысты бейне жасауы керек. Шайтұрсын екеуміз ақылдасып, Халық артисі атағына екі кісі – Тұрысжан Айнақұлов пен Жібек Бағысова лайық деп топшыладық. Түркенде роль жетерлік және жасаған бейнелері де ауыз толтырып айта алатындай дәрежеде. Жібектің Бибиші, Реганасы мен Маришкасы – сөз жоқ оған атақ алып беруге жарайтын бейнелер. Еңбек сіңірген артист атағына лайықты деп ойлаған Серік Шотықов шығармашылығы бұл жолы кемеліне келіп тұрған шағы. Шайтұрсынның да атактан дәмесі бар, бірақ әзірге лайықты ролі жоқ. Майқан болысты көріп еді, оған онша жолай алмады. Табынбаевты әурелеп көрген, бірақ одан да ешнәрсе шықпады. Бесінші адам – Әлия. Әлияның ролдері бар, дегенмен Шайтұрсын екеуіне арнап тағы бір спектакль алсақ, Әлияның мүмкіндігі арта түсер еді.

Ойласа келе «Ақан сері – Ақтоқтыны» қойсақ қайтәді деген шешімге келдік. Біріншіден, классика десен классика, маңдайалды пьесаның бірі. Қандай образдар, қандай оқиғалар, пьесаның құрылымы, қайшылықтар мен тартыстар. Нағыз қоятын-ақ дүние. Өзім де ойым кетіп жүрген. Оның үстіне өзгеше бір эксперимент жасап, поэтикалық, романтикалық тұғырдан түсіріп, шындыққа, өмірге жақындатып қою бар еді ниетімде. Соны іске асырудың сәті түскендей.

«Ақан Сері-Ақтоқтының» өз дәрежесінде қоя алсақ, Шайтұрсын мен Әлияның мүмкіндіктері еселей түсер еді. Сондай-ақ репертуарда Қалтай Мұхамеджанов ағамыздың бір дүниесін қойғанымыз жөн деп шештік. Екі спектакльдің орнына тағы екі спектакль қосылып, гастрольге өзіміздің межелеген санымыз – жеті спектакльмен баратын болдық.

М.Әуезов – «Түнгі сарын»,
Ғ.Мүсірепов – «Ақан сері-Ақтоқты»,
В.Шекспир – «Король Лир»,
И.Эркен – «Сау басыма сакина»,
Ө.Тәжібаев – «Майра»,
Ш.Құсайынов – «Біздің Гани»,
Қ.Мұхамеджанов – «Өзіме де сол керек».

Ақан Сері-Ақтоқтының премьерасынан кейін Шайтұрсын екеумізді Жарылқасын Ұмбетов шақырып алып, біраз ақылын айтты. Алматы сапарының жауапкершілігін, Қызылорда облысы үшін де біздің бұл гастроліміздің үлкен сын екенін ескертіп, дайындықты күшейтуді тапсырды.

Жарылқасын Ұмбетов Қызылорда облысының мәдениетін басқарып тұрған кезде ауқымды-ауқымды істер атқарылып, театрдың да мәртебесі өскен шақ еді. Ол кісі біздің спектакльдеріміздің тұсаукесер рәсіміне өзі қатысып, облыс басшыларын да қатыстырып жай басқосуды үлкен проблемалық деңгейге көтеріп, біздің және артистеріміздің шығармашылық, әлеуметтік мүмкіндігін биіктен көрінуіне үлкен мән беретін. Шетелдік классикаға иек артқанда

сол шығарма жайлы кітаптарды оқып, пікірталасқа үлкен дайындықпен келетін. Сондықтан біз де тұсаукесер рәсіміне ыждағатты дайындықпен келіп, «көрерменсіз премьер» өткізуге ұмтылатынбыз. Өйткені Ұмбетовтің келгені үлкен жауапкершілік жүктейтін. Мінезі қатал көрінгенімен өнер адамдарына жылы пейілмен қарайтын.

Мәдениет министрлігі үш спектакльді көруге Нұрлан Оразалинді жіберіпті. Ғ.Мүсірепов – «Ақан сері-Ақтоқты», Қ.Мұхамеджанов – «Өзіме де сол керек».

Ө.Тәжібаев – «Майра».

Нұрлан Оразалин:
Сіздердің Алматыға баратын сапарларыңыз – бірімізге той іспеттес дүние. Коллектив, Алматыға баруға қаншалықты қызықсанып, астана көрмермені де сіздерге үлкен үмітпен қарап отыр. Біз де осы үш спектакльді көруге таза ниетімізбен келіп отырмыз.

Қызылорда театрының режиссурасы ойлы режиссура, бағыт-бағдары бар. Демек театр дұрыс бағытта. Коллективтің өзі тәрбиеленген адамы. Өздеріңізбен бірге өсіп келе жатыр. Дефирамба айтуға асықпайық, көрген спектакльдерімізде қандай әттеген-айларымыз бар, соны бірлесе ойласақ дейміз.

Режиссер – өзі де синтездік өнер. Синтездік өнердің басында тұрғасын әңгімені режиссерден бастап жатармыз. Қызылорда театрының негізгі бағыты – авторлық ойды терендетіп оның әлеуметтік үнін көтеруге деген ұмтылысын біз жоғары бағалаймыз.



Бүгінгі күні театр суретшісі де үлкен проблема болып отырған жайы бар. Сондықтан біз көрген Серіктің өнері – қуанарлық өнер. Режиссердің ойын дамытушы үлкен болашағы бар суретші. Театрларыңызда режиссер мен суретшінің терең бірлігі байқалады, екеуі үндес, бұл – жақсы қасиет. Өрине, вакумды толтырушы актерлер, режиссер мен суретші де актер болмаса ешнәрсеге қол жеткізе алмас еді.

«Ақан сері-Ақтоқты» режиссерге тізгін бермей жүрген шығарма. Көптеген театрлар бұл спектакльді қоя алмай жүр. Жалпы классиканы қоюдың өзі қиын дүние ғой. Қойылымның шешімі жақсы. Атап айтар болсақ, жүйрікке кісен салған заманда, Құлагердің керіп қойған терісі арқылы шешім тапқандарыңыз, бұл – шынғырған шындық. Жақсы стилизацияға қол жеткізгенсіңдер. Дәстүрдің топырағында тұрып, жаңашыл

ойларыңызды көп жұртқа түсінікті жасағандарыңыз қуантады. Сахналық пластика, ойдың, сезімнің пластикасы режиссер шешімінен тууы керек. Мына спектакльде Ақанға жұмсақтық жараспайды. Оның басындағы ахуал Ақанға ышқына серпіліп қатқыл линияда жүргенді талап етеді. Дауыс та, жүріс те жұмсақ. Ақанға сенім мен қатқылдық жетпей жатыр. Дауыс жетпей жатыр.

Хазірет – Науанда зымындық, қулық, сұмдық сезімдер аздау сияқты, характердегі осы бір жағының тұздығы ашы болмай, жетіспей жатыр.

Аскарбек – Жалмұқан толық отдача жоқ сияқты. Науанмен билікке таласып жүрген адам, мен де биікпін, сенімен бірдеймін деп. Екінші план жөнінде ойлана түссен әлі де болса.

Әлиядағы біз қуанатын жай – өсу үстінде екен. Ақтоқтысына айтар әңгіме жөн жоқ. Жақсы. Ақанмен арадағы қарым-қатынас Ақан тарапынан әлі де ширыға түссе дұрыс болар еді.

Балуанға риза болдық. Массовка ансамбльге кіре алмай жатыр. «Ақан сері-Ақтоқты» беткеуістар спектакльдеріңіз болуы керек. Шығармаға әлі де салмақ салу керек сияқты.

«Хайдарбек» жөнінде. Спектакльдің бейнесін жасаған суретші Жұмаш Әбіровтің шығармашылығымен бірінші рет кездесіп отырмыз. Ойы, орындау барысы жақсы, драматургияның ойынан шыққан. Бұл спектакль өз орнында, өз деңгейінде тұрған дүние. Автор айтады бұның бағасын.

«Майрада» толығымен спектакль-

Әрбір прогон коллективтің пайдасына.

Сәт сапар!
Сонымен көптен күткен гастроліміз басталды. Шымылдықты «Түнгі сарынмен» аштық. Қойылым өте ауыр басталды. Екінші көріністен кейін ғана көтерілді-ау, әйтеуір. Спектакльді көрермен өте жылы қабылдады. Астананың өнер майталмандары құттықтап жатыр. Сыншылар не дер екен?

Қолымызда «Социалистік Қазақстан», интервью несі Серік Әбдірахманов.

«Бүгінгі қазақ сахна өнерінің кең көкжиегін көрсетіп, биік мәдениетін танытатын белгілердің бірі облыс орталықтарындағы театрлардың творчестволық тынысы екені – айрықша қуанышты құбылыс. 15 август күні Алматыдағы гастроль шымылдығын ашып, «Түнгі сарын» спектаклін астаналық жұртшылық назарына ұсынған Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ драма театрының алғашқы аяқ алысы да бұл байламды беріктендіре түскендей. Газет тілшісі спектакльден соң ұлттық сахна өнеріміздің саңлақтары, Социалистік Еңбек Ері Серке Қожамқұлов және СССР Халық артисі Сәбира Майқановамен әңгімелескен болатын.

– Сераға, «Түнгі сарында» 45 жыл бойы ойнаған актер ретінде Сіз қызылордалықтардың осы спектакліне қандай сезім күйімен келіп едіңіз?

С.Қожамқұлов: – Алдымен Қызылорданың өзі туралы айтқым келіп тұр. Жаңа, спектакль басталарда сөйлеген құттықтау сөзінде Сәбира жақсы айтты: алғашқы астанамыз болған бұл қала бәріміздің жүрегімізге ерекше жақын. Ұлттық мәдениетіміздің қазіргі саулетті сарайы алғаш қабырға көтерген, талай-талай асыл азаматтарымыздың өнегелі өмір жолы, өрелі өнер жолы басталған қымбат қала бұл. Астана Орынбордан Қызылордаға көшірілгенде мен Қостанайда тергеу қызметінде жүрген едім. Көркем үйірмелер спектакльдерінде шағын ролдер ойнап, күлдіргі тапқақ, өлеңдер оқитынмын. Театр ашылады деген хабарды естісем сонда жеттім. Қаллекі, Құрманбек, Елубай, Әміре, Иса, осы Қанандар да жан-жақтан желел жиналып қалды. Алдымыз отызға ойысып, соңымыз жырмадан жаңа асқан қышылдаған жігіт кезіміз, тақыр жерге театр тұрғызып, жас отаудың уығын қадап, шаңырағын көтердік те кеттік... Иә, Қызылорда – туған өнеріміздің талай тал бесігін тербетіп, ұлт мәдениеті аспанында шарықтаған қаншама қыранға қанат қастырып берген аяулы жер. Мен бұл спектакльге сол жалын жастығымыз өткен қаланың сахна шеберлерінің лайықты өнерін көретініме сеніп келген едім.

С.Майқанова: – Жерлестеріміздің гастрольдік жарнамасынан М.Әуезовтің «Түнгі сарынын» оқығанымда театрдың творчестволық бағытдылығына іштей қол соққан болатынымын. Бұл өзі – қойылымға қиын, қатпар-қырғысы көп, күрделі дүние. «Түнгі сарын» – Мұханның басқа шығармаларынан бітімі бүтіндей дерлік болмақ драма. Тартысының өрбей де, кейіпкерлердің сөйлеу мәнері де, бірнеше тағдырды желілей жүргізуі де тарихи-революциялық тақырыпты көркемдікпен игеру талаптарына сай жанаша шешілген бұл туындыны «Қаракөз», «Еңлік-Кебектің» кілтімен аша алмайсыз.

С.Қожамқұлов: – Сәбира айтып отырған сол кілті тауыпты қызылордалықтар. 1934 жылы режиссер Ю.Рутковский осы драманы қолға алған кезде Мұханның өзі театрда ұзақ уақыт болып, бізге он алтыншы жылғы көтеріліс туралы талай терең мәнді, тағылымды әңгімелер айтты. «Түнгі сарынын» неге халықтық драма аталатынын зерде қуып берген еді. Хусейін Теміровтің драмадағы бас кейіпкер – халық екенін тап басуы, сөйтіп сахнада халық образын жасап шығуы – спектакль табысының басты себебі. Режиссер драманың түпкі идеясын да, көркемдік табиғатын да тамаша түсінген, актерлерге де тамаша түсіндірген. Сахна сайын шырышық атып, шырыға түсетін қатқақтат қиғанын бірде-бір желісін шашпау шығармай, сегіз өрім етеді де отырады екен. Басқа спектакльдері де осы деңгейден табылса, қазақ сахнасына тағы бір таза талант қосылды деп қуана беруге болады.

С.Майқанова: – Серағаның сөзіне толық қосыламын. Хусейіннің өнер өрнегіндегі маған қатты ұнайтыны – түпнұсқаға өте ықтияттылықпен қарауы. Кейде жас режиссерлердің пьесаны өзіне-өзі қырпап-сырлап «жақсартуға» тырысып жататыны болады. Теміров драмадағы әуезовтік рухты қаз-қалпында сақтап қалған.

С.Қожамқұлов: – Қалай дегенде де басы ашық жай мынау – қызылордалықтардың «Түнгі сарынын» шын мәніндегі таласыз табыс. Облыстық қалада мұндай тегеурінді творчестволық труппаның болуы ұлттық мәдениет қамын ойлаған әр азаматты қуантуға тиіс. «Талассыз табыс» айдарымен шыққан Серке ағамыз бен Сәбира апамыздың ұлағатты сөздері бізге үлкен шабыт сыйлап, гастрольдік спектакльдеріміздің дайындығын үдете түсті.

Хусейін Әмір-Темір, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда облысының құрметті азаматы

(Жалғасы бар)



БІЗДІҢ АҒАЙ

Үйірмесінің жетекшісі. Мен аудан орталығы Тасбөтет қыстағындағы мәдениет үйіндемін. Сол уақыттың калыптасқан дәстүрі бойынша даталы жылға орай көркем-өнерпаздардың облыстық байқауы өтеді. «Сырдария» ән-би ансамбліне қатысатын өнер иелерін тізімін мен жасақтаушы едім. Аудан шаруашылықтарынан облыстық байқауда аудан намысын қорғайтын өнерпаздарды шақырғанда ұстаз-баянист ағамыз біздің тізімнің басында тұратын-ды. Осылай өнер жолында ағалы-інілі, әріптес-дос болып, жақсы сыйласып кеттік.

– Біздің «культураға» бастық болып Қабдеш Шағыров келіпті, – деген хабар маған да жетті. «Маған да жетті» деуімнің себебі мен ол кезде аудандық кітапханада суретші-бездендіруші болып жұмыс істеп жатқанмын. Сырлас ағамыздың басшымыз болып келгені мені де елең еткізді. «Келе салысымен сені іздепін, сұрастырып жатыр» деген сүйінші хабар бір қуантып тастады. Ішім жылып, жан-жағыма мардамси көз тастап та қоямын. Енді бір жағы жасы үлкен ағаға сәлем беру мақсатымен, екінші жағынан жаңа қызметімен құттықтап кіріп шығуым керек екенін білдім. Қабекен (барлық қызметкерлер ол кісіге деген құрметпен кейін осылай атап кетті) қуана қарсы алып құшағына қысты. Ашығын айтқанда, екеуара әңгіме өрісінде ысылған, тәжірибелі басшының қимыл-өрекеті байқалып тұрды. Бұған дейін ауларткомның жанындағы «Білім» қоғамының аудандық басқармасының жауапты хатшысы, Жамбыл атындағы совхозда жұмысшылар кәсіподақ комитетінің төрағасына дейінгі қызметтер атқарған. Арнайы туристік жолдамамен шетелде, Жапон елінде де болып қайтқан. Былайша айтқанда жан-жақты басшымен біргеауым уақыт ұлпаттастық. Сабырлы Қабекен менің қызметім туралы тілінің ұшына да ілмеді. Ол туралы өзім айттым.

– Қабеке, сізге өтінішім, мені жылы орнымнан қозғаманыз?!

Басекен бұра әңгіме айтқан жоқ. Жылы қоштасты. Шамалы уақыттан соң мені мәдениет бөлімі кәсіподақ ұйымының төрағалығына сайлатты. Өзімен-өзі жүрген суретшіден қоғамдық жұмыстың белсендісіне қалай айналып кеткенімді білмей де қалдым.

«Қалай бала, келесің-ау?..» деген сөз осы кездерде айтылған еді. Ағаның айтқанын екі ету жоқ. Аудандық мәдениет үйінің аға әдіскері болып шыға келдім. Қамқор ағаның көземедеуімен көркемөнерпаздық өнердің желкенін кердік. Мәдениет үйінің материалдық базасын күшейтті. Жоғары білімді музыкант екінің бірінің қолы жетпейтін шетелдік аппаратуралар мен электронды аспаптарды Алматы қаласынан өзі барып алып келіп, біздің иелігімізге берді. Материалдық-техникалық әлеуеті күшті мекемеде өнер ұжымдарын жанадан қалыптастыру онтайға келді. Аудандағы және Қызылордаға жақын болғандықтан қаладағы менің деген өнер иелері Қабекеннің айналасына топтасты. Бүкілодақтық байқаулардың екі дүркін лауреаттары. Атақты музыка білгірі, сазгер, дирижёр Асылбек Өтепов, айттысқыр ақын, облысымызға белгілі жырау, сахнагер Серік Өтеуов, әнші-термеші, өте мықты сахна шебері Мінаш

Ысқакова, композитор, виртуоз музыкант Сәбит Ұлықпанұлы, қазіргі күні елімізге белгілі музыка әрлеушісі Болат Жүргенов бастаған өнер иелері аудан атын асқақтатты. «Сырлы саз» фольклорлық ансамблі (Негізін салушы Асылбек Өтепов. Ансамбль аты да Асылбектің «Сырлы саз» атты күйіне байланысты қойылған), «Бастаңғы» аналар клубы, «Мереке» әзіл-сықақ отауы, «Мереке» вокалды аспаптар ансамблі Қабдеш Шағыровтың арқасында өмірге келіп, әлі күнге халыққа қалтқысыз мәдени қызмет көрсетіп келеді. Бүгінде күллі Қазақстанға және алыс-жақын шетелдерге танымал жырау Ұлжан Байбосынова сынды дарын да біздің мәдениет бөлімінен қанаттанды.

Жақсының кезінде жақсылықтар мен жаңалықтар қабаттаса өріледі. Ажқолтай басшының ұйымдастыруындағы ілкімді істермен қатар аудандық мәдениет үйінің төрт жүз орындық еңселі ғимаратының берілуі де аудан тарихындағы елеулі оқиға еді. Заманауи үлгідегі мәдениет үйін қабылдап алу құрметі бұйырған Қабдеш Шағыров ақпанда асығыстау берілген мекеменің кем-кетігін толтырып, кетілген жерін жөндеп, тіпті жазда кепкен терезе жақтауларының тесік-құтығын бітеу жұмыстарына да бел шеше кірісті. Бастықпын деп бұйрық беріп тұруды білмейтін Қабекен қызметкерлермен біте қайнасты. Мәдениет үйінің оркестрі құрамында баянист ретінде отырумен қатар қара жұмыстарын да тартыпбай атқарды. Білікті басшының іскерлігінің арқасында аудан өнерпаздары аумақтық, республикалық байқауларда топ жарды. Мәдениет үйі жанынан ұйымдастырылған ұлт-аспаптар оркестрінің концерттік бағдарламасын республикалық телеарна арнайы келіп жазып алса, «Сырлы саз» фольклорлық ансамблі Алматыға барып, телеарнада концерт берді әрі ол арнаның алтын қорына алынды. Роза Бағланова атындағы облыстық әншілер байқауына да Гүлсім Бибайраева мен Индира Баексеевалардың бас жүлделерді иеленуі осы ұйымдастырудың арқасы еді.

Облысымызға белгілі қаншама өнерпаздар мен өнер ұжымы әлі күнге өздерінің тұғырларының тілекшісі болған ағаларынан алыстап кеткен емес. Ұшқан ұясына оралған қарлығаштай айналасынан үйіріліп шықпайды. Амаңдығын біліп, сәлем беріп келешек қадамдарына қуат алып кетеді. Соның бірі – мен. Әлі күнге ағамыздың ақыл-көнесіне құлақ түріп, қуанышымыз болса бөлісіп, ауырлығымыз болса сүйеу іздейміз. Өзіміз ақсақалдыққа келіп қалсақ та ағалап еркелейміз. Өйткені біздің бала кезіміз, жастығымыз, есейген шағымыз бірге өткен. Бүгінде жетпістің бесуейіне келсе де қоғамдық жұмыстан, оның ішінде мәдениет саласына көз қырын салудан алыс қалмайды. Бізге тапсырмасын да беріп қояды. Әрі оның таптынақтай орындауын қадағалайды. Ортамыздан шет кетуді жаны қаламайтын Қабекенді біріміз жақсы көреміз. Жақын ағамыздай сыйлаймыз. Сондықтан Қабдеш Шағыровтың тәлім-тәрбиесін көргендердің бәрі ол кісіні «ағай» деп ардақтайды.

Біздің ағай!

Тілеген БЕКАРСТАНОВ, еңбек ардагері, Тасбөтет кенті

/// ҚОЛӨНЕР

«ТҮКТІ КІЛЕМ – ШЕБЕРЛЕР МЕКТЕБІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБА ҚЫЗЫЛОРДАДАН БАСТАУ АЛДЫ

С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында қазақ халқының көне де киелі өнері – түкті кілем тоқу дәстүрін жаңғыртуға бағытталған «Түкті кілем – шеберлер мектебі» ашылып, жұмысын бастады. ЮНЕСКО-ның материалдық емес, мәдени мұраны қорғау туралы Конвенция-сы аясында қолға алынып отырған тың бастама халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қолөнерін сақтау, дамыту және жаңа буын шеберлерін даярлауды мақсат етіп отыр.

Шеберлер мектебінің ашылу салтанатында сөз сөйлеген облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев қазақ қолөнерінің ұлттық мәдениеттегі орны мен жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын атап өтті.

– Өздеріңізге белгілі, облыс әкімінің қолдауымен және материалдық емес мұраларды қорғау жөнінде ЮНЕСКО жанындағы ұлттық комиссияның бастамасымен ұмытылып бара жатқан ұлттық қолөнерді, соның ішінде Сыр өңірі бойынша кілем тоқу мектебін қалыптастыру жобасы қолға алынып отыр. Бұл орайда аталған комиссия мүшесі Жанерке Наурызбайқызына алғысымызды білдіреміз.

Бүгін ашылған шеберлер мектебі арқылы келешекте кілем тоқу өнері кең қанат жайып, әлемдік деңгейге шығады деп ойлаймыз. Жобаның түпкі мақсаты да осы, – деді ол.

ЮНЕСКО-ның материалдық емес, мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комиссиясының мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор



Жанерке Шайғөзова қолөнердің мәдени мұра ретіндегі құндылығына тоқталып, дер кезінде қолға алынған бастаманың өз деңгейінде жалғасын табатынына сенім білдірді.

– Бүгінгі ашылып отырған шағын ғана шеберлер мектебі әрі қарай үлкен жобалармен жалғасын табады. Екі-үш жыл болды, құжаттар әзірленді, жобаның мазмұны терең зерттеліп, талдау жасалды. Осылайша халықаралық жоба жүзеге асырылып отыр. Жасыратыны жоқ, қазір Сыр кілемін тоқуды білетін санаулы ғана адам бар шығар. Олардың өзі карт әжелер,

бірақ қолөнерді әрі қарай жалғастырып отырған шөкірт жоқ. Сондықтан бұл ұлттық деңгейде назар аударатын үлкен мәселенің бірі. Жобаның мақсаты кілем тоқу өнерін көркем еңбек пенінің мұғалімдеріне үйретіп, сол арқылы оқушылардың қызығушылығын оятуға бағытталған, – дейді Ж.Шайғөзова.

Оның айтуынша, әр өңір қолөнерінің өзіндік ерекшелігі бар, ою-өрнегі, түсі әртүрлі болып келеді. Мысалы, түкті кілем тоқу өнері Маңғыстау және Сыр өңірінде кең таралған. Алайда бүгінде Сыр кілемдерінің түпнұсқасы азайып

барады. Бұл мәселе өз алдына зерттеп, зерделеуді қажет етеді. Осы орайда қолға алынып отырған халықаралық жоба Сыр өңірінен бастау алып, әрі қарай жалғасын таппақ.

Алғашқы жұмысын бастаған шеберлер мектебіне кілем тоқу өнерінің қыр-сырын жетік менгерген, көп жылдар бойы дәстүрлі қолөнерді дамытып, жас ұрпаққа үйретіп жүрген тәжірибелі шебер, ҚР Қолөнершілер одағының мүшесі Қарлығаш Ильясова.

–Ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық өнер. Жастарға үйрету мақсатында жаңғыртылып отыр. Бүгінгі қолға алынған бастама әрі қарай жалғасады. Менің қуаныч отырғаным, көркем еңбек пенінің мұғалімдері осы өнерді үйренуге және жастарға үйретуге ерекше қызығушылық танытуда. Жалпы өзім қашаннан бері ұлттық қолөнерді дамытуға, оның ішінде Сыр бойы қолөнерін үлкен өндіріске алып шығуды ойлап жүретінмін. Бүгін сол мақсатыма жеткендей көңілім қуанышқа бөленіп тұр.

Түкті кілем тоқу – халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен тығыз байланысты көне өнер. Кілем өрнегінде бабалардың ойы, аналардың қолының табы, ұлттың эстетикалық талғамы бар. Сонымен қатар, шыдам мен шеберлікті, әсемдік пен дәлдікті талап ететін өнер. Осы дәстүрді үйрететін мектептің ашылуы – ұлттық мұраның қайта жаңғыруының айқын көрінісі, – дейді қолөнер шебері.

Ғазиза ӘБЛДА,
«Сыр бойы»

/// ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

«Ізгіден қалған із»

Жуырда ұстаз ағаның қызы Күлзабира арнайы ат басын бұрып, маған баспадан жаңа шыққан кітапты ұсынды. Оқып шығып пікір білдіруге қолқа салды.


Ә дегеннен әдемі өріктелген кітапты қолыма алып, парактарына көз жүгірттім. Ой орамдар ә дегеннен баурай бастады.

Сүйікті қарындасымның шынайы ілтипатына, алыстан ат арыпты арнайы келгеніне риза болып, алғысымды білдіріп, жылы шырай таныттым.

Жаңа кітаптың әр парактарына көз жүгірттіп, шөла бастадым. Биыл туғанына 90 жыл толатын ағаның келбеті, туған жерге деген толғанысқа толы дүниелері, ауыл табиғаты, еңбек адамдарының таза мінездері ә дегеннен байқалып тұрды. Осы бір ой үстінде отырғанда жаны жайсаң ағаман талай тұз-домдас болған сәттер, редакция жігіттерімен келген бойдағы әзіл-қалжыңдары күні бүгінгідей елестей берді. Өмір-өзен

секілді, ағысын тоқтатпайды. Әлбетте, өсер елдің өнер ұрпағы тұрғанда аға есімі әр жүректе сақталады. Кітап беттеріндегі тараулардың бетін ашқан сайын жомарт жүректі жан ортамызға оранғандай болды.

Ауылдан түлеп ұшқан айтқыр Қалтай, ақын Әбілқасымовтың «Өмірден өтті мұрт адам» атты толғауында жомарт жүректі Байназар ағаның бүкіл болмысы қаз-қалпында баяндалып тұрғандай. Жергілікті ақын Мұхтар, ғалым Қазыбайдың лөбіздері жүрекке жылы сенім ұлатады. Әдемі көркемделген, ой орамдары терең толғанысқа толы «Ізгіден қалған із» атты кітаптың сәтті шығарылғанына тағы бір сүйсіне отырып, Күлзабираға баспасөз арқылы арнайы лөбіз білдіруді парыз тұттым. Байназар аға қатармызға қайта оранғандай болды. Кітап – ауыл кітапханаларының сөресіне қарай жол тартса, жаксы болар еді...



Ізгіден қалған із

бейнесін одан әрі айшықты суреттейді. Ауыл ақыны Қанат Әбілкасымовтың «Өмірден өтті мұрт адам» атты толғауында жомарт жүректі Байназар ағаның бүкіл болмысы қаз-қалпында баяндалып тұрғандай. Жергілікті ақын Мұхтар, ғалым Қазыбайдың лөбіздері жүрекке жылы сенім ұлатады.

Әдемі көркемделген, ой орамдары терең толғанысқа толы «Ізгіден қалған із» атты кітаптың сәтті шығарылғанына тағы бір сүйсіне отырып, Күлзабираға баспасөз арқылы арнайы лөбіз білдіруді парыз тұттым. Байназар аға қатармызға қайта оранғандай болды. Кітап – ауыл кітапханаларының сөресіне қарай жол тартса, жаксы болар еді...

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

Жарнама бергіңіз келсе, 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

KazTransOil		ЕСКЕРТУ
«ҚазТрансОйл» АҚ Қызылорда облысының аумағында «Құмкөл-Қарақойын» магистралды мұнай құбырлары, ТОВЖ байланыс желілері салынатын, олар шағырмалық бағадармен және ескерту белгілермен белгіленгені ескертеді. ҚР-ның «Магистралдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді: 1) Мұнайды тасымалдайтын магистралды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр өсінің әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауылшаруашылық мақсатындағы жерлерде магистралдық құбырдың күзет аймағы құбыр өсінің әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі; 2) бір техникалық дәлдетіс төселген көп желілі құбырлардың трассалары бойында – желі құбырларында өстерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; 3) суасты өткелдері бойында - өткелдердің шеткі желілері өстерінің әрбір жағынан 100 метрге кейін қалатын қатар жазықтармен арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде; 4) оңалды авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде – аталған объектілер аумағын шекараларын барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде; 5) бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктары, компрессорлық және газ тарту станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларының барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады 6) орманы жер учаскелерде елді мекендерден тыс орналасқан жер асты көбілдік және әуе байланыс желісі мен радиофикация – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымыдарының әрбір жағынан кемінде 2 метр қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскесі түрінде.		ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ: Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бузылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде: • тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға; • кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күйшеіту пункттерінің қапкытарын, қапкыларын және өстерін, желілік арматураның торап қоршауларын, қатотты және дренажды қорғау станцияларын, желілік және қару құрылғылар мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, қрандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге; • түрлі қокыс орындарын жасауға, қышқылар, тұздар мен сілтілердің ертілділерін тәуілеу; • жаңа бекету имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзуды, ал жакын аумақ пен айналадағы жерді апаттық күйшүлу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылғыларды) бұзуға; • әзірленді суға тастауға, суға тасталған әзірлендермен, тізбектермен, сүйретілермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қау мен жерге бағыту жұмыстарын жүргізуге; • от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға. Магистралды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша құқығының:
ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛДЫҚ ҚУБЫРЛАР» СӘЙКЕС 10-НАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕН АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУШСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЙНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕН АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛДЫҚ ҚУБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТҮЙЫМ САЛЫНАДЫ		• мелiorативті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға; • «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспейтін тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге; • ұңғымалардың, шұфрлардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамааларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодинамикалық және басқа іздеуіш жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады. Күзетілетінді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минимумды қашықтықтарда магистралды құбырларға жатпайтын кез келген объектілердің құрылысына тыйым салынады. Магистралды құбырлардың күзет аймақтарында кез келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Қасіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар: • «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистралды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар қорықпеген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін. • кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілі жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға; • құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистралдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистралды құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да қасіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады. Заң, Кодексе, Ережелер мен ҚР КЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады. Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:
100600, Жезқазған қ., Ескі әуежай ауд., Тел: 8 (7172) 55-52-55 – №5 техникалық учаскесінің Б/Б диспетчері; 8(7102) 770-255 – «Құмкөл» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; 8 (7102) 770-241 – Жезқазған МКБ бастығының қабылдау бөлмесі.		

Хабарландыру	Объявление
Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті, ҚР ЭК 73-бабының 1-тармағына және қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес 2025 жылдың 17-қарашасынан бастап 20 жұмыс күні ішінде «Қызылорда-Сексеуіл» республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау/салу» техникалық-экономикалық негіздемесі (келесіле ТЭН) бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі порталында (https://hearings.ndbecology.gov.kz/) танысуға болады. Барлық ескертудер мен ұсыныстар аталған порталда қабылданады. Тапсырыс беруші: Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, эл. почта - k.priemnaya@transport.gov.kz. ТЭН әзірлеушілер: «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» АҚ БИН 931240001398, Астана қаласы, Жекебатыр көш., 35, тел.: 8(717)2729271, 8707-646-45-46.	Комитет автомобильных дорог Министерства транспорта Республики Казахстан в соответствии с требованиями пункта 1 статьи 73 Экологического кодекса РК и проведения общественных слушаний, сообщает, что с 17 ноября 2025 года в течение 20 рабочих дней на портале Национальной банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (https://hearings.ndbecology.gov.kz/) будет проводится общественные слушания в формате публичного обсуждения по технико-экономическому обоснованию (далее ТЭО) «Реконструкция/строительство автомобильной дороги республиканского значения «Кызылорда-Саксаульск». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на данном портале для предоставления замечаний и предложений. Инициатор: Комитет автомобильных дорог Министерства транспорта Республики Казахстан, город Астана, проспект Кabanбай батыра, 32/1, эл. почта - k.priemnaya@transport.gov.kz. Разработчик ТЭО: АО «Казахстанский дорожный научно-исследовательский институт», БИН 931240001398, г. Астана, ул. Жекебатыр, 35, тел.: 8(717)2729271, 8707-646-45-46.

www.syrboyi.kz

ЖАРНАМА БӨЛІМІ

70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

 www.facebook.com/syrboyi.kz/		 https://twitter.com/syrboyi_kz		 www.instagram.com/syrboyi_kz			
Меншік иесі  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)		Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.		Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күнігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)		БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)					
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.		e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		Таралымы 21998	Тапсырыс №1888		
Кезекші редактор Ғазиза ӘБЛДА							